

Л. Турганбаева

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЗИЯНДЫ ӘСЕРІНЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ НОРМАЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ОРЫНЫ

Құқық нормасы – құқықты құқық нормаларының жүйесі ретінде қарастырудың негізіне жататын негіз қалаушы түсінік болып табылады. В. С. Нерсеянцтың пайымдауынша, «құқық нормасы – құқықты нормативтік түрде түсіндіретін, яғни құқықты жалпы алғанда норма арқылы түсінетін және анықтайтын, құқықтық нормалардан тұрады деп есептейтін барлық құқық доктриналары үшін негіз қалаушы түсініктердің бірі болып табылады» [1; 387].

Қазақстан Республикасында құқықты түсіндірудің жалпыға мойындалған нормативтік тәсілі танылған. Белгілі қазақстандық ғалым Г. Сапарғалиев құқық нормасын «құқықтық материяның клеткасы» деп жазған [2; 17].

Құқық нормасы басқа барлық құқықтық түсініктер үшін – құқықтық институт, құқық саласы және т. б. соңғы үлгі ретінде рөл атқарады. Сонымен қатар ол, қорытындылай келе, құқық нормасының туындысы болып табылатын басқа да түсініктерге – құқықсубъектілікке, құқықабілеттілікке, құқықтық қатынастар, құқықбұзушылықтар, құқықтық актілерге негіз қалаушы болып табылады. Олардың мазмұны мен маңызы құқық нормасы арқылы анықталады, мысалы, құқықтық қатынастың мазмұнын құқық нормаларында бекітілген белгілі құқықтар мен міндеттерді құрайды.

Әдетте құқық нормалары «мемлекет бекіткен және қамтамасыз ететін адамдардың бірі-біріне қатысты мінез-құлық ережелері...», сонымен қатар адамзат мінез-құлқын реттейтін жалпы ұйымдастырушылық негіздер мен қағидаларды белгілейтін басқа да заңды ережелер» [3; 159].

Белгілі кеңестік теоретик С. С. Алексеев «құқық нормаларына әлеуметтік нормалардың бір түрі ретінде барлық әлеуметтік нормаларға жалпы танылған белгілер тән: олар адамдардың қоғамдағы жүріс-тұрыс ережелері болып табылады; жалпы сипаттағы мінез құқық ережелері болып келеді; саналық-еріктік қызметтің салдары болып келеді; әлеуметтік-экономикалық жағдаймен байланысты...» [4; 334].

Экологиялық құқықтың нормалары құқық нормаларының бір түрі болып табылады және сондықтан да оған құқық нормаларына тән барлық қасиеттер мен белгілерге тән.

Құқық нормаларының келесі белгілерін анықтауға болады:

1. Жалпыміндеттілік – ол адамдардың ықтимал және тиісті мінез-құлқыларына мемлекеттің билік ұйғарымы;
2. Формальді белгіленген – ол жазбаша түрде ресми құжаттар арқылы көрініс табады;
3. Мемлекетпен байланыс – ол мемлекеттік органдармен бекітіледі және мемлекеттік мәжбүрлеу шараларымен қамтамасыз етіледі.
4. Ұсынушылық-міндеттеуші – ол тек бір субъектілерге құқықтар ұсынумен қатар басқа субъектілерге міндеттер жүктейді, өйткені құқықты міндетсіз жүзеге асыруға болмайды және міндетті құқықсыз жүзеге асыруға да болмайды [5; 51].

Экологиялық құқық нормалары да жалпыміндетті (яғни, барлық табиғат пайдаланушы-субъектілерімен орындалуға тиісті мінез-құлық ережелері), формальді белгіленген (яғни, мемлекет бекіткен тәртіпте қабылданған нормативтік құқықтық актілерде көрсетілгендер (ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Жер, Су, Орман кодекстері және т. б. немесе табиғат пайдалану шарттарында), мемлекетпен байланысты (яғни адам денсаулығы және өміріне қолайлы қоршаған ортаны сақтауға мемлекет еркін білдіреді және мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілген), ұсынушылық-міндеттеуші (яғни, субъективтік экологиялық құқыққа экологиялық міндеттілік байланысты болады).

Кейбір авторлар, мысалы Ю. А. Гаврилованың ойынша, экологиялық құқық нормалары «олар реттеуге бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекше рөлімен негізделген арнайы ерекшеліктер тән. Біріншіден, экологиялық құқық нормалары кешенді сипатқа ие. Екіншіден, олар тек әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен ғана емес, табиғи сипаттағы факторлармен ерекшеленген. Үшіншіден, кейбір табиғи объектілер қайта жаңғыртылмайтынын ескере отырып, мемлекет тарапынан қоршаған табиғи ортаны қорғау және ұтымды пайдалануға бағытталған ерекше экологиялық-құқықтық нормалар талап етіледі» [6; 50]. Біз бұл пікірмен келісеміз.

Өндірістік қызметтің зиянды ықпалынан қоршаған ортаны қорғау нормаларында да ерекшеліктері бар. Оған:

- а) табиғатқорғаушылық сипаты, өйткені аталған нормалардың негізгі міндеті – қоршаған ортаны өндірістің зиянды әсерінен қорғау;

б) кешенділік сипаты, өйткені, бұл нормалар тек экологиялық заңнамада емес, сонымен қатар өндірістік қызметті реттейтін заңнамада да қарастырылған;

в) нормативті-техникалық сипаты. Бұл нормалар техникалық нормалармен тығыз байланысты, көбісі арнайы техникалық регламенттерде қарастырылған.

Өндірістік қызметтің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормаларының өз құрылымы бар. Көптеген ғалымдар құқық нормасында үш құрылымдық элементтерді белгілейді – гипотеза, диспозиция, санкция. В. С. Нерсисянның ойы бойынша, «құқық нормасы – адресаттары белгілі жағдайларда (гипотеза) белгілі құқықтар мен міндеттерге ие субъектілер ретінде әрекет етуі керек (диспозиция), болмаса олар үшін белгілі жағымсыз салдар туындайды (санкция)» [1, 391].

Заңнамада құқықтың барлық нормалары осы үш элемент жийынтығынан тұрмайды. Көбінесе, бір немесе екі элементтерден тұрады. Мысалы, ҚР Экологиялық кодексте өндірістік қызметтің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары гипотеза ретінде қарастырылған. «Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» деп аталған 203-ші бапта өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық талаптар ескеріліп және экологиялық тұрғыдан негізделген технологиялар, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын қажетті тазарту құрылыстары мен санитарлық күзет аймақтары пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс делінген. Аталған объектілерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар енгізілуіне тиіс делінген. Мұнда өндіріс қызметі жүзеге асыру шарттары көрсетілген.

Құқық нормасының диспозициясы – ол нормамен реттелетін қатынастың қатысушыларының (тараптарының) өзара құқықтары мен міндеттері. Олар табиғат пайдалану шарттарында, мысалы, таукен өнеркәсібінде пайдаланылатын жер қойнауын пайдалануға модельдік контрактіде көрініс тапқан. Әр тарап (құзырлы орган мен мердігер) құқықтар мен міндеттерге ие. Бір тараптың құқығы ол екінші тараптың міндеті, және керісінше. Құқық нормасының санкциясы – ол диспозиция және гипотеза талаптарын бұзудың теріс салдары, яғни диспозициямен көзделген құқықтар мен міндеттерді, гипотезамен көзделген жағдайлармен әрекеттерді бұзу [1; 392].

Өндірістік қызметтің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормасының ерекшелігі болып, көп жағдайларда санкциялар оларды бұзғаны үшін экологиялық құқықбұзушылықтар үшін заңды жауапкершілікті көздейтін жеке нормативі актілерде көрсетілген. Мысалы, «Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 203-баптың талаптарын бұзғаны үшін санкция ҚР Қылмыстық кодекстің «Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы» атты 277-бабында қарастырылған. Табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу және жаңғырту, пайдалануға беру және пайдалану, өнеркәсіп, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану, қалалар мен басқа да елді мекендерді салу кезінде, әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери және ғарыш қызметіне қойылатын талаптарды сол талаптардың сақталуы үшін жауапты адамдардың бұзуы, егер бұл қоршаған ортаның едәуір ластануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге, жануарлар немесе өсімдіктер дүниесінің жаппай құрып кетуіне және өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса – үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, не онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Аталған норма да гипотеза, диспозиция, санкция да бар. Диспозиция бұл жерде сипаттамалы қарастырылған және мінез құлық ереженің өзін сипаттайды, яғни жауапты тұлғаның табиғи ресурстарды пайдалану, кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді жобалау, орналастыру, салу және жаңғырту, пайдалануға беру және пайдалану, өнеркәсіп, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорация объектілерін пайдалану, қалалар мен басқа да елді мекендерді салу кезінде, әскери және қорғаныс объектілеріне, әскери және ғарыш қызметіне қойылатын экологиялық талаптарды орындау міндеті.

Гипотеза мінез-құлық ережелерін бұзғаны үшін белгілі жағдайдың туындауын болжайды – «егер бұл қоршаған ортаның едәуір ластануына, адамның денсаулығына зиян келтіруге, жануарлар немесе өсімдіктер дүниесінің жаппай құрып кетуіне және өзге де ауыр зардаптарға әкеліп соқса».

Санкция бұл ҚР Қылмыстық кодекстің 277-бабында көзделген жаза.

Қазіргі кезеңде өндірістік қызметтің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары біртұтас ортақтыққа (единая общность) ие, осы ортақтық нені құрайды – құқықтық институтты ма

немесе субинститутты ма, соны анықтайық. Құқықтық институт – бұл белгілі қоғамдық қатынастарды реттейтін біртекті нормалар жиынтығы болып табылады [1; 430]. А. А. Алексеев құқықтық институт ретінде «құқықтық реттеу пәннің негізгі бөлігі болып табылатын, біртекті қоғамдық қатынастардың тар шеңберін реттейтін өзара байланысты жекелеген құқықтық нормалардың жиынтығы» деген анықтама береді [4; 402].

Мемлекет және құқық теориясының өкілдері құқықтық институттың бірнеше белгілерін айқындаған. В. В. Лазаревтің және т.б. ғалымдардың ойынша оған: а) нақты мазмұнының біртектілігі – әрбір институт дербес жекелеген қатынастар тобын немесе адамдардың жеке жүріс-тұрыс, әрекеттерін реттеуге бағытталған; б) құқықтық нормалардың заңды біртұтастылығына тән «құқықтық институт құқық саласының оқшауланған бөлімі болып табылады». Құқық институтына кіретін нормалар бірыңғай кешенді құрайды, аталған қатынастар түріне тән реттеудің ерекше құқықтық режимін құратын жалпы тұжырымдар, құқықтық қағидалар, арнайы құқықтық түсініктерде көрініс табады. в) нормативтік оқшаулылық, яғни құқықтық институтты құратын нормалардың тарауларда, бөлімдерде, заңның басқа да құрылымдық бөліктерінде оқшаулануы; г) реттелетін қатынастардың толықтығы.» [7; 169].

Ғалым-экологтар да құқықтық құқықтық институтқа тән белгілерді белгілеп отыр. Ю. А. Гаврилова үш белгіні анықтап отыр: 1) белгілі қатынастар тобына институттың реттеушілік әсер етуі; 2) нақты және заңды біртектілік; 3) құқықтық институтты құратын нормалардың тараулар, бөлімдер, бөліктер, заңның, басқа да нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық бірліктерінде оқшаулануы [6; 50]. Өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары құқықтық институттың барлық белгілеріне сай келе ме, соны қарастырып көрейік.

Біріншіден, бұл нормаларға нақты мазмұнның біртектілігі тән. Өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары өздерінің біртекті қоғамдық қатынастар шеңберін ғана реттейді – өндіріс саласында қоршаған ортаны қорғау қатынастарын.

Екіншіден, өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормаларына заңды біртектілік тән. Қарастырылып жатқан нормалар ерекше, аталған қатынастар тобына тән реттеудің құқықтық режимін құратын жалпы тұжырымдарда, арнайы құқықтық қағидаларда, арнайы құқықтық түсініктерде көрсетілген.

Бірақ та бүгінгі таңда өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормаларының нормативтік оқшауланғаны әзірше жоқ, яғни құқықтық институтты құратын нормалардың тарауларда, бөлімдерде, бөліктерде, заңның немесе басқа да нормативтік-құқықтық актілердің құрылымдық бөліктерінде оқшаулануы және реттелетін қатынастардың толықтығы деген белгі жоқ болып отыр. Өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары ҚР Экологиялық кодексінің «Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы экологиялық талаптар» атты 29-шы Тарауда және «Шаруашылық және өзге де қызмет түрлері бойынша экологиялық талаптар» деген 30-шы Тарауда қарастырылған. Сонымен, олар «шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар» атты құқықтық институтының құрамдас бөлігі болып табылады. Қарастырылып жатқан нормаларда реттелетін қатынастардың жеткілікті екенін айту әлі ерте. Бүгінгі таңдағы өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары өндіріс саласында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қатынастарды жан-жақты реттеуге жеткіліксіз болып отыр. Сонымен, өндіріс қызметінің қоршаған ортаны қорғау нормалары экологиялық заңнаманың қазіргі даму үрдісінде «Шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар» деген құқықтық институттың субинституты (институт асты) болып табылады. Субинститут (институт асты) – бұл құқықтық институттың құрамдас бөлігі.

Аталған институт «Шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар» атты құқықтық институттың құрамында және басқа институттармен бірге экологиялық құқық саласына кіреді. «Құқық саласы ... құқықтық реттеудің арнайы пәнін құрайтын қоғамдық қатынастардың біртекті саласын реттеуге бағытталған өзара байланысты заң нормаларының дербес тиісті ретке келтірілген жиынтығы болып табылады.» [6; 48].

«Біздің зерттеуімізде экологиялық құқық түсінігін қарастыруға және оның құқық жүйесіндегі дербестігіне негіздеме беру қажеті жоқ [8; 37-38; 9-12; 72-83]. Біздің зерттеуімізде қарастыратын келесі мәселе экологиялық құқық жүйесіндегі өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормаларының орнын анықтау. Экологиялық құқық Жалпы, Ерекше және Арнайы бөлімдерден тұрады. Қарастырылып жатқан нормалар Ерекше бөлімде орналасқан.

Біздің ойымызша, өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары «Өнеркәсіптегі қоршаған ортаны құқықтық қорғау» деп атауға болатын субинститут болып табылады. Аталған субинститут жоғарыда айтылғандай, «Шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге

асыру кезіндегі экологиялық талаптар» деген құқықтық институттың бөлімі болып табылады. «Шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар» атты құқықтық институт ҚР экологиялық кодексінің Ерекше бөлімінде нормалардың орналасуына қарай экологиялық құқықтың ерекше бөліміне кіреді.

Қазақстандық ғалымдар «Шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптар» деген сияқты құқықтық институтты айқындап отыр. Д. Л. Байдельдинов экологиялық құқықтың Ерекше бөлімінде «Шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптар» деген институтты шығарып отыр [8; 40]. Экологиялық құқық жүйесінің мұндай құрылымында өнеркәсіптегі қоршаған ортаны нормалары жер, су, тау, орман, атмосфералық ауа құқығында дифференцияланған немесе «Шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптар» институтында қарастырылған.

С. Т. Культелеевте Ерекше бөлім келесі құқықтық институттардан тұрады: жерлерді, суларды, жер қойнауын, ормандарды пайдалану және қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі; атмосфералық ауаны қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі; жануарлар дүниесін пайдалану және өсімін молайтудың экологиялық-құқықтық режимі; қоршаған ортаға атом қуаты мен радиациялық әсердің құқықтық реттелуі; қоршаған табиғи ортаны халықаралық-құқықтық қорғау [8;61].

Мұнда өнеркәсіп саласындағы қоршаған ортаны қорғау нормаларының әр түрлі институттар бойынша дифференциясы байқалады. Келешекте өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны қорғау нормалары егер ол үшін барлық алғышарттар жасақталса, дербес құқықтық институт ретінде қалыптасуы мүмкін. Экологиялық құқық теориясында қарастырылып жатқан нормалар көптеген авторлармен дербес құқықтық институт ретінде айқындалып отыр. Қазақстандық ғалымдардың ішінде «Өнеркәсіптегі және энергетикада қоршаған ортаны құқықтық қорғау» құқықтық институтын С. Д. Бекишева белгілеген. [9; 61].

Ресей экологиялық құқығында да аталған құқықтық бірлікті дербес институтқа шығару туралы бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. В. В. Петров алғашқылардың бірі болып экологиялық құқықтың Ерекше бөлімінде «Өнеркәсіптегі қоршаған ортаны құқықтық қорғау» деген дербес құқықтық институтты белгілеген [10; 17].

О. Л. Дубовик экологиялық құқықтың Ерекше бөліміне енгізгені:

а) дәстүрлі жиынтықты – жерлерді, суларды, ормандарды, жер қойнауын, жануарлар және өсімдіктер дүниесін, ерекше табиғи аумақтарды және тағы басқа объектілерді құқықтық қорғау; б) ауыл шаруашылығында және өнеркәсіпте қоршаған ортаны құқықтық қорғау заңнамасы, соның ішінде – өнеркәсіп салалары бойынша, көлікте, урбанизацияланған аумақтарда, яғни қалалар мен басқа да елді мекендерде;

в) қоршаған ортаның ластануымен күрес туралы заңнама (оның түрлері бойынша – биологиялық, радиациялық, химиялық және т.б.), қалдықтармен, қауіпті заттармен жұмыс істеуді құқықтық реттеу туралы, гендік-инженерлік қызметті құқықтық реттеу туралы, атомдық құқық туралы және басқалар» [11; 22-23].

Көріп отырғанымыздай, ол өнеркәсіптегі қоршаған ортаны құқықтық қорғауды экологиялық құқықтың Ерекше бөлімінде қарастырып отыр.

Б. В. Ерофеевтің пайымдауынша экологиялық құқықтың ерекше бөлімі құқық саласы ретінде 3 бөлімнен тұрады:

1 Бөлім: Ресейдің ұлттық экологиялық жүйесін құрайтын табиғи объектілердің экологиялық-құқықтық режимі:

1. Жерге, жер иелену, жер пайдалану немесе жалға алуды меншік құқығының экологиялық құқықтық режимі.

2. Жер қойнауын пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі.

3. Су пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі.

4. Орман пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі.

5. Жануарлар дүниесін пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі.

II Бөлім. Ресейдің экологиялық жүйесінің жеке бөліктерін экологиялық-құқықтық қорғау:

1. Атмосфералық ауаны экологиялық-құқықтық қорғау.

2. Табиғи объектілерді қорықтық экологиялық-құқықтық қорғау.

III Бөлім. Экологиялық-құқықтық режим және өндірістік қызмет және антропогендік ықпал саласындағы экологиялық құқықтық қорғау.

1. Ауылшаруашылық өндіріс саласындағы табиғи объектілерді пайдалану мен қорғаудың экологиялық құқықтық режимі.

2. Елді-мекендер, рекреациялық және емдеу-сауықтыру аймақтар орналасқан жүйелердің экологиялық-құқықтық режимі және оларды қорғау.

3. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқатын экологиялық-құқықтық қамсыздандыру. [12, 1036.]
4. Өндірістік және тұтырудың радиоактивті және басқа қалдықтарын көмудің құқықтық реттелуі.

Біздің ойымызша, «радиациялық және басқа өндіріс және тұтыну қалдықтарын көму және өңдеуді құқықтық реттеу» деген құқықтық институтты бөліп шығару жеткіліксіз, өйткені өнеркәсіптік өндіріс қалдықтарды орналастырумен ғана шектелмейді. Аталған институт өнеркәсіптік объектілерді жобалау мен орналастыру мәселелерін, тікелей өндірістік қызметтің мәселелерін қамтымайды.

«Өнеркәсіптегі қоршаған ортаны құқықтық қорғау» деген жеке құқықтық институтты экологиялық құқықтың ерекше бөлімінде Э. Ю. Исмаилова, Ю. В. Трунцевский, Н. Е. Саввич [13; 411-412], сонымен қатар В. В. Курочкина және В. В. Гучков белгілеген [14; 366-367].

Біздің ойымызша, өнеркәсіптегі қоршаған ортаны қорғау нормалары даму үшін айқын келешегі, жасақталып жатқан нормативтік базасы бар, яғни болашақта олар өмір сүруге құқығы бар дербес құқықтық институт мәртебесіне ие болады.

Онда, өнеркәсіптегі қоршаған ортаны құқықтық қорғау институты дегеніміз өнеркәсіптік қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін алдын алуға және оның бұзылуын қалпына келтіруге бағытталған өнеркәсіптік кәсіпорындарымен және арнайы құзырлы мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын қызметті реттейтін нормалардың жиынтығы.

Өндіріс саласындағы қоршаған ортаны құқықтық қорғау нормалары экологиялық құқықтың ерекше бөлімінде орналасуы керек. Зерттеуіміздің қорытындысын шығара отырып, біз келесі қорытындыларға келдік.

1. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының және экологиялық заңнамасының қазіргі даму кезеңінде өндіріс қызметінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны құқықтық қорғау нормалары «Өнеркәсіптегі қоршаған ортаны құқықтық қорғау» деп атауға болатын субинституты болып табылады.
2. Өнеркәсіптегі қоршаған ортаны қорғау нормалары даму үшін айқын келешегі, жасақталып жатқан нормативтік базасы бар, яғни болашақта олар өмір сүруге құқығы бар дербес құқықтық институт мәртебесіне ие болады. Онда аталған құқықтық институтты «Өнеркәсіптегі қоршаған ортаны құқықтық қорғау» деп атау керек және ол өнеркәсіптік қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін алдын алуға және оның бұзылуын қалпына келтіруге бағытталған өнеркәсіптік кәсіпорындарымен және арнайы құзырлы мемлекеттік органдармен жүзеге асырылатын қызметті реттейтін нормалардың жиынтығын құратын болады.

-
1. Нерсесянц В. С. Общая теория права и государства. – М.: Норма, 2001. 552 с.
 2. Сапарғалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан: Учебник. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. 336 с.
 3. Общая теория права / Отв. ред. А. С. Пиголкин. – М., 2000.
 4. Теория государства и права / Под ред. проф. С. С. Алексеева. – М.: Юридическая литература, 1985. 480 с.
 5. Булгакова Д. А. Теория государства и права. – Алматы: Данекер, 1999. 84 с.
 6. Гаврилова Ю. А. Правовое регулирование охраны и использования трансграничных природных объектов (на примере Республики Казахстан). – Алматы, 2007. 138 с.
 7. Общая теория права и государства / Под ред. Лазарева В. В. - М., 1996. – 432 с. С.169.
 8. Байдельдинов Д. Л., Бекишева С. Д. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы: Интерлигал, 2004. – 312 с. С.37-38; Бекишева С. Д. Экологическое право Республики Казахстан. – Караганда: Арко, 2009. – 472 с. С.9-12.; Культелеев С. Т. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы: ТОО ИК НАС, 2003. – 328 с. С.72-83.
 9. Бекишева С. Д. Экологическое право Республики Казахстан. – Караганда: Арко, 2009. 472 с. С.49-50.
 10. Природноресурсное право и правовая охрана окружающей среды / Под ред. В. В. Петрова. – М.: Юрид. лит., 1988. С.17.
 11. Дубовик О. Л., Кремер Л. Любе-Вольфф. Экологическое право. – М.: Эксмо, 2005. С. 22-23. (768 с.).
 12. Ерофеев Б. В. Экологическое право. – М.: ООО «ПолиграфОпт», 2005. – 752 с. С. 103.
 13. Исмаилова Э. Ю., Трунцевский Ю. В., Саввич Н. Е. Экологическое право. – М.: АО «Центр ЮрИнфоР», «ЮрИнфоР-Пресс», 2004. – 414 с. С.411-412.
 14. Экологическое право / Под ред. В. В. Курочкиной, В. В. Гучкова. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, Закон и право, 2004. – 367 с. С.366-367.

This article deals with the concept of standard of ecological law. Also author considered the structure of norm about protect surroundings from influence over unhealthy trade activities.

В статье рассматривается понятие норм экологического права. Выделены особенности норм экологического права. Автором также рассматривает структуру норм об охране окружающей среды от вредного воздействия производственной деятельности.